

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парагын электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 31 қазандагы № 160, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 қазандагы № 212, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 8 қарашадагы № 530/НҚ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 2 қарашадагы № 462 және "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2023 жылғы 24 қарашадагы № 138 бірлескен бұйрығы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, 35-1-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 408 бұйрығымен (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32893 болып тіркелген) бекітілген Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілер тізбесінің 14-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және бірінші емханалық бөлімшесінде қызмет алғын адамдарды қоспағанда Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парагын электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2023 жылғы 27 қарашадан бастап 2024 жылғы 1 сәуірге дейін іске асырын.

2. Астана қаласы бойынша мемлекеттік органдарының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) "Е-қызмет" интеграцияланған ақпараттық жүйесінен еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парагы (жүктілік пен босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парапты қоспағанда), "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және бірінші емханалық бөлімшесінде қызмет алғын адамдарды қоспағанда Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парагы электрондық түрде берілсін.

3. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және бірінші емханалық белімшесінде қызмет алатын адамдарды қоспағанда Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парагын электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің Электрондық денсаулық сактауды дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырысЫн.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі аппаратының басшыларына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сактау министрі
_____ А. Финият

Қазақстан Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрі _____ С.
Жақыпова

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы
_____ Д. Жазықбай

"Қазақстан Республикасы Президенті
Іс басқармасының Медициналық
орталығы" ММ басшысы _____
_____ А. Цой

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
_____ Б. Мусин

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрінің
2023 жылғы 31 қазандағы
№160
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2023 жылғы 2 қарашадағы
№462

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы
2023 жылғы 31 қазандағы
№212

"Қазақстан Республикасы
Президенті Іс басқармасының
Медициналық орталығы"
ММ басшысы
2023 жылғы _____
№_____

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш өнеркәсібі
министрінің
2023 жылғы 8 қарашадағы
№530/НҚ бірлескен бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық паравын (жүктілік пен босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық паракты қоспағанда) электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және бірінші емханалық бөлімшесінде қызмет алатын адамдарды қоспағанда Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық паравын (жүктілік пен босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық паракты қоспағанда) электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі, пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға бекітілген және бірінші емханалық бөлімшесінде қызмет алатын адамдарды қоспағанда Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздық паравын (жүктілік пен босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық паракты қоспағанда) электрондық түрде ұсынудың автоматтандырылған процесін енгізу жөніндегі, пилоттық жобаны (бұдан әрі – Пилоттық жоба) іске асыру кезіндегі іс-қимылдардың реттілігін айқындайды.

1. Бұл алгоритмде мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) "АЕК" АЖ – медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында (сатысында) медициналық көмек көрсету процесін автоматтандыруға арналған "Амбулаториялық-емханалық көмек" ақпараттық жүйесі;

- 2) МАЖ – медициналық ақпараттық жүйе;
- 3) "Е-қызмет" ИАЖ (бұдан әрі - "Е-қызмет") – "Е-қызмет" интеграцияланған ақпараттық жүйесі мемлекеттік қызмет персоналын басқару жүйесіндегі бизнес-процестерді жетілдіруге арналған;
- 4) ЭҮШ – "Электрондық үкіметтің" шлюзі;
- 5) ЭҮСШ – "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі;
- 6) ФЛБ-форматты-логикалық бақылау;
- 7) пациент – бірінші емханалық бөлімшесінде қызмет алатын адамдарды қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға (бұдан әрі - БМО) бекітілген және Астана қаласында тұратын мемлекеттік қызметші.
- Осы Алгоритмде пайдаланылатын барлық өзге терминдер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын мәнінде пайдаланылады.
- ### **2-тарау. Пилоттық жобаны іске асыру тәртібі**
2. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парапты беруді және ұзартуды, пациенттің денсаулық жағдайы туралы деректерді жазуды жүзеге асыруды Астана қаласы БМО медицина қызметкерлері МАЖ-да жүргізеді.
3. МАЖ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын бергеннен және ұзартқаннан кейін еңбекке уақытша жарамсыздық парагы туралы мәліметтерді ЭҮСШ /ЭҮШ сервис "АЕК" АЖ деректерінің бірыңғай қоймасына жібереді.
4. "АЕК" АЖ ЭҮШ арқылы МАЖ-дан деректерді алады, ФЛБ сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, мәліметтерді "АЕК" АЖ дерекқорына жазады. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы бойынша алынатын және берілетін деректердің тізбесі осы Алгоритмге қосымшада келтірілген.
5. "АЕК" АЖ ЭҮШ арқылы ЖСН бойынша сұрау салуды "Е-қызмет" ААЖ-ға (мемлекеттік қызметші мәртебесін беру жөніндегі Сервис, сервис кілті: PepKuzmetP2503Sync) пациенттің ЖСН-у "мемлекеттік қызметші" мәртебесінің бар-жоғын тексеру үшін мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшісінің мәртебесі туралы мәліметтер алу үшін жібереді. "Е-қызмет" ИАЖ сервисінің он жауабы кезінде "АЕК" АЖ еңбекке уақытша жарамсыздық парагы бойынша мәліметтерді "Е-қызмет" ИАЖ-ға жібереді (аурухана парагын ашу/ұзарту/жабу туралы мәліметтерді алу сервисі, Сервис кілті: EK_getStatusBL).
6. Осы Алгоритмге қосымшада көрсетілген берілетін деректердің толықтығын, түпнұсқалығын, дұрыстығын ақпараттық өзара іс-қимыл тараптары-ақпаратты беретін сервис иеленушілері қамтамасыз етеді.

7. Ақпараттық жүйелер арасындағы интеграциялық өзара іс-қимыл дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисін міндettі түрде пайдалана отырып, электрондық үкіметтің ақпараттандыру объектілерін интеграциялаудың белгіленген қағидаларына сәйкес қатаң жүзеге асырылады.

8. Осы Алгоритммен реттелмеген пациентке еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парапты берудің және ұзартудың өзге де шарттары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидаларымен регламенттеледі.

"Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
ауруханасы" ШЖҚ РМК-ға
бекітілген және Астана қаласында
тұратын мемлекеттік қызметшілерге
еңбекке уақытша жарамсыздық
парагын (жүктілік пен босану
бойынша уақытша еңбекке
жарамсыздық парапты коспағанда)
электрондық түрде ұсынудың
автоматтандырылған процесін
енгізу жөніндегі пилоттық жобаны
іске асыру алгоритміне
қосымша

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы бойынша алынатын және берілетін деректердің тізбесі

1. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагының нөмірі мен сериясы
2. Мәртебесі
3. Түрі (бастапқы / параптың жалғасы/жабылуы).
4. Жынысы.
5. Медициналық ұйымның атауы мен мекенжайы.
6. Берілген күні.
7. Жасы.
8. ТАӘ.
9. Жұмыс орны.
10. Лауазымы.
11. АХЖ-10.
12. АХЖ-10 қорытынды коды.
13. Еңбекке уақытша жарамсыздық түрі.
14. Науқас баланың жасы.

15. АХЖ-10 бойынша баланың ауруының атауы.
16. Карантин кезінде баланың АХЖ-10 бойынша ауруының атауы.
17. Санаторийлік-курорттық емделуге жолдаманың басталу күні және аяқталу күні.
18. Режим түрі (амбулаториялық, стационарлық).
19. Режимнің бұзылуы туралы белгілер.
20. Дәрігердің ТАӘ.
21. Стационарда болу кезеңі.
22. Басқа жұмыста уақытша болу кезеңі.
23. Бас дәрігердің ТАӘ.
24. МӘС-ке жіберілді.
25. МӘС-ке жіберген дәрігердің ТАӘ.
26. Куәландыру күні.
27. Сараптамалық қорытынды.
28. МӘС бөлімі бастығының ТАӘ.
29. Жұмыстан босату кезеңі.
30. Дәрігер лауазымы.
31. Дәрігердің ТАӘ.
32. Дәрігер лауазымы.
33. Дәрігердің ТАӘ.
34. Жұмысқа кірісу.
35. Жаңа парақ берілді.
36. Дәрігер лауазымы.
37. Дәрігердің ТАӘ.
38. МАЖ-жіберуші.